«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

9.11.2026 № 14-02-1982

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылғы 6 қарашасындағы №02-5170 санды шығыс хатына сәйкес, білім алушылардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру, қаржылық қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру және қаржылық алаяқтықтың алдын алу мақсатында төмендегіні хабарлайды.

Мектептерде оқушылар арасында қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Сақ бол!» интерактивті оқыту ойынының өткізілетінін назарларыңызға жеткіземіз.

Аталған ойын интернет және қаржылық алаяқтық, заңсыз қаржылық схемаларға тартылу сияқты тәуекелдер туралы білімді арттыруға, сондай-ақ қаржылық қауіпсіздік бойынша қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Интерактивті ойынға қатысу үшін төмендегі сілтемені пайдалану қажет:

https://saq-bol.vercel.app

Ойын барысында оқушылар қаржылық қауіпсіздіктің негізгі ұғымдарымен танысып, өз білімдерін тексеруге және толықтыруға мүмкіндік алады. Ойынды сәтті аяқтаған қатысушыларға аты-жөні көрсетілген сертификат беріледі.

Сонымен қатар, жақын арада Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі тарапынан өткізілетін «Республикалық қаржылық диктантқа» дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жоспарлануда.

Осыған байланысты Сіздерден:

1. Білім алушылар арасында «Сақ бол!» интерактивті оқыту ойыны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;
2. Оқушылардың аталған ойынға қатысуын ұйымдастыруды;
3. Қаржылық сауаттылық пен қаржылық қауіпсіздік мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді;

4. Алдағы уақытта өткізілетін «Республикалық қаржылық диктантқа» оқушылардың дайындық жұмыстарын қамтамасыз етуді сұраймыз.

Жоғарыда аталған тапсырмаға сәйкес, күнделікті ойынға қатысқан оқушылар санын 12:00 ге дейін білім бөліміне хабарлауларыңыз сұралады. Ойынның сілтемесі қосымша жолданады.

Басшының міндетін уақытша атқарушы **А.Базаркулова**

Орындаған:Т.Тұңғышбаева
Тел:87714177067